#ИНВЕСТИЦИЯ

Лифт өндірісі мен қалдықтарды өңдеу жобалары пысықталуда

Астана қаласында өткен жұмыс кездесулері барысында Шығыс Қазақстан облысында бірқатар инвестициялық жобаларды іске асыру мүмкіндігі талқыланды.

Аймақ басшысы елордадағы «Lift Master» компаниясының өкілдерімен кездесті. Екі жақ өңірде лифттер мен олардың қосалқы бөлшектерін өндіру жобасын жүзеге асыру перспективаларын қарастырды. Қазіргі таңда жоба пысықталу кезеңінде, алдағы нақты қадамдар айқындалуда.

Сондай-ақ, әкім қытайлық инвестициялық қор өкілдерімен келіссөз жүргізді. Кездесу барысында қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу саласындағы заманауи шешімдер талқыланды. Жобаны жан-жақты зерделеу үшін инвесторлардың Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапарын ұйымдастыру мүмкіндігі қарастырылып отыр.

Аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағановтың айтуынша, аталған бағыттардағы жұмыс жүйелі түрде жалғасатын болады.

«DIDAR» ақпарат

#РЕЙД

Көтерме нарықтағы тәртіп: «Дина» базарында түсіндіру рейді өтті

Елизавета СЕДЫХ
Нелли АХМЕРОВА

Өскемен қаласындағы ірі сауда орындарының бірі – «Дина» көтерме базарында мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен ауқымды түсіндіру рейді өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – кәсіпкерлерге қолданыстағы заңнама талаптарын түсіндіру, баға белгілеу мен салықтық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету. Рейд барысында мамандар ақпараттық парақшалар таратып, кәсіпкерлердің сұрақтарына жауап беріп, заң бұзушылықтар орын алған жағдайда қарастырылатын жауапкершілік тетіктерін еске салды.

Бұған дейін сәуір айының ортасында ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов Үкімет отырысында инфляциялық қысымды төмендету Үкіметтің басты басымдықтарының бірі екенін атап өтіп, көтерме нарықтарда заң талаптарының сақталуын қатаң бақылауға алуды тапсырған болатын. Осы тапсырма аясында өңірлерде, соның ішінде Шығыс Қазақстанда да кешенді мониторингтік шаралар басталды.

Рейд барысында жауапты органдардың өкілдері «Дина» базарындағы сауда нүктелерін аралап, кәсіпкерлермен ашық форматта әңгіме жүргізді. Түсіндіру жұмыстары барысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына қатысты баға саясатына ерекше назар аударылды.

Атап айтқанда, ШҚО Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Асхат Сағидолдин көкөністердің әлеуметтік маңызы бар тауарлар тізіміне енгізілгенін еске салды.

– 1 қаңтардан бастап бұл тізім кеңейтіліп, оған қызанақ, қияр және алма қосылды. Заңнамаға сәйкес, бұл өнімдерге сауда үстемесі сатып алу бағасының 15 пайызынан аспауы тиіс. Біз осы талаптардың сақталуын бақылауға аламыз, – деді ол.

Салық органдарының өкілдері кәсіпкерлердің қызметін заңдастыру, фискалдық тәртіпті сақтау және тұтынушыларға чек беру міндеттеріне назар аударды.

Өскемен қаласы Мемлекеттік кірістер басқармасының жеке кәсіпкерлерді әкімшілендіру бөлімінің басшысы Шыңғыс Сайрамқанның айтуынша, салық жүйесіндегі жаңа жеңілдіктер кәсіпкерлердің көлеңкелі экономикадан шығуына ықпал етіп отыр.

– Жеңілдетілген декларация негізіндегі арнайы салық режимі енгізіліп, салық мөлшерлемесі 2 пайызға дейін төмендетілді. Бұл кәсіпкерлер үшін тиімді жағдай жасап, олардың ресми тіркеуге өтуіне ынталандырып отыр, – деді ол.

Мамандардың айтуынша, мұндай кешенді мониторингтік шаралар бір реттік науқан емес. Түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Басты мақсат – жазалау емес, нарықтағы ашықтықты қамтамасыз етіп, мемлекет, бизнес және тұтынушы арасындағы өзара сенімді нығайту, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының тұрақтылығын сақтау.

#ӨНЕР

Астанадағы триумф: облыстық оперетта театры «Mamma Mia!» мюзиклін ұсынды

Марат УСМАНОВ

Елорда төріне алғаш рет гастрольдік сапармен барған Шығыс Қазақстан облыстық драма және оперетта театры әйгілі «Mamma Mia!» мюзиклін сахналап, өнерсүйер қауымның зор ықыласына бөленді. Бұл – еліміз тарихында әлемдік деңгейдегі осындай қойылымды өңірлік театр алғаш рет сахналаған жағдай.

Ұжымның құрылғанына небәрі екі жыл болғанына қарамастан, Астанадағы гастрольдер оның жоғары кәсіби деңгейін айқын көрсетті. Бұл – облыстық театр күшімен дайындалған осындай жанрдағы алғашқы ауқымды қойылым. Қысқа уақыт ішінде труппа елордалық сахналармен бәсекелесе алатын қарқынды дамып келе жатқан шығармашылық ұжымға айналды.

Қойылым басталардан бұрын Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық-драма театры іші ерекше толқынысқа толды. Фойе мен дәліздерде жиналған көрерменнің жүзінен асыға күткен үміт пен қызығушылық анық аңғарылды.

Көктемнің салқын лебі сезілгеніне қарамастан, елордалықтар – жас та, кәрі де, тіпті кішкентай бүлдіршіндерін жетектеген ата-аналар да бұл кешті жіберіп алмауға тырысқаны байқалды.

– Осындай айтулы сахнада өнер көрсету – біз үшін үлкен мәртебе, – деді қойылым алдында театрдың көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері Александр Галсанов. – Бүгінгі көңіл күй ерекше. Бұл – жай ғана толқу емес, шығармашылық қуаттан туған шабыт. Әртістер сахнаға үлкен сеніммен, ерекше ықыласпен шығуға дайын.

Сахна шамдары жарқырап, дирижер таяқшасы ауада қалықтаған сәтте шымылдық ашылып, көркем әлемге жол тартқан қойылым басталды. Екі сағаттан астам уақыт бойы бірде-бір үзіліссіз өрбіген мюзикл көрерменді бауырап алды.

Қойылым көрермендерді өзінің ауқымдылығымен және жанрлық күрделі синтезімен тәнті етті. Сахнада бір мезетте театрдың жетекші солистері, академиялық хор, балет труппасы және симфониялық оркестр өнер көрсетті. Жанды дауыс пен барлық шығармашылық құрамдардың үйлесімі спектакльді әсерлі музыкалық-театрлық шоуға айналдырып, елдегі өңірлік театрлар үшін жаңа деңгей қалыптастырды.

Қойылымның негізіне ABBA тобының мәңгілік хиттері алынған. Жанды орындау мен актерлердің шынайы ойынының арқасында залда ностальгия мен қуанышқа толы ерекше атмосфера орнады. Кей сәттерде көрермен залының өзі сахнаға айналғандай әсер қалдырды.

Финалдық аккорд естілгенде зал ду қол шапалаққа бөленді. Көрермендер орындарынан тік тұрып, ұзақ уақыт қол соғып, әртістерге шынайы құрмет көрсетті. Бұл өнердің жүрекке жеткенінің айқын белгісі еді.

Қойылымнан кейін театр кулуарында облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов өнер ұжымына қолдау білдіріп, өз әсерімен бөлісті.

– Бұл – біздің әртістер үшін үлкен белес. Жас болса да, труппаның өзіндік қолтаңбасы айқын. Көрерменнің ықыласы ерекше болды. Әртістер сахнада жандарын салып, шынайы өнер көрсетті, – деді аймақ басшысы.

Әкім алдағы уақытта да жас таланттар мен шығармашылық ұжымдарға қолдау жалғасатынын атап өтті. Бұл олардың өнерін кеңінен танытып, ұлттық мәдениеттің өрісін кеңейтуге жол ашады.

– Мен біздің әртістерімізді мақтан тұтамын, – деді сөз соңында Нұрымбет Сақтағанов.

Бұл гастрольдер театр тарихындағы маңызды кезеңге айналып, Шығыс Қазақстан ұжымының елдің театр картасындағы жаңа жарқын жұлдыз ретіндегі мәртебесін нығайтты.